

## Ордабасы ауданы аумағында сайлау учаскелерін құру туралы

### *Күші жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімінің 2015 жылғы 21 қазандағы № 49 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 қазанда № 3376 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Ордабасы ауданы әкімінің 2018 жылғы 8 қарашадағы № 31 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Ордабасы ауданы әкімінің 08.11.2018 № 31 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 23 бабының 1 тармағына сәйкес Ордабасы ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ордабасы ауданы аумағында сайлау учаскелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес құрылсын.

2. Ордабасы ауданы әкімінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 5 "Ордабасы ауданы аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3067 тіркелген, 2015 жылғы 14 наурыздағы аудандық "Ордабасы оттары" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә.Сәдірмекке жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*С.Сапарбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Ордабасы аудандық аумақтық  
сайлау комиссиясы төрағасы

\_\_\_\_\_ К.Сатқанбай

"21" қазан 2015 жыл

Ордабасы ауданы әкімінің  
2015 жылғы 21 қазандағы  
№ 49 шешіміне қосымша

## Ордабасы ауданы аумағында сайлау учаскелері

№ 498 сайлау учаскесі

Дербес ауылы және Бадам ауылының "Орда" мөлтек ауданы, А.Байтұрсынов, с.Сейфуллин, Қазыбек би,Ә.Шопақұлы, Абай, Төлеби көшелері, Б.Момышұлы мен Т.Қабылұлы көшелерінің батыс жағы.

№ 499 сайлау учаскесі.

Бадам ауылындағы Қ.Төлеев, Б.Мырзабаев, О.Жанжосов, М.Әуезов, К.Омаров, Жангельдин, Құрманғазы, А.Шерімқұлов, Т.Рысқұлов, Қ.Мүсірепов, Ембердиев, Амангелді, Алтынсарин, Б.Онтаев, К.Байсеитова, С.Теңлібай, Т.Жананов, Б.Момышұлы, Т.Айбергенов, Ақдала, Достық көшелері жән Момышұлы мен Т.Қабылұлы көшелерінің шығыс жағы.

№ 500 сайлау учаскесі

Ақбұлақ, Қарабастау ауылы.

№ 503 сайлау учаскесі

Ордабасы ауылы.

№ 504 сайлау учаскесі

Арыстанды, Нұра ауылдары.

№ 505 сайлау учаскесі

Бөген, Кемер ауылдары.

№ 506 сайлау учаскесі

Қайнар ауылы.

№ 507 сайлау учаскесі

Ұялыжар ауылы.

№ 508 сайлау учаскесі

Ынтымақ, Теспе ауылдары.

№ 509 сайлау учаскесі

Ықыластемір ауылы.

№ 510 сайлау учаскесі

Таздар, Жамбыл, Бірлік ауылдары.

№ 511 сайлау учаскесі

Қалаш ауылы.

№ 512 сайлау учаскесі

Жеңіс және Дихан ауылдары.

№ 513 сайлау учаскесі

Қарақұм ауылы.

№ 514 сайлау учаскесі

Көктөбе, Қызылсеңгір және Боралдай ауылдары.

№ 515 сайлау учаскесі

Қажымұқан ауылы.

№ 516 сайлау учаскесі

Ынталы ауылы.

№ 517 сайлау учаскесі

Амангелді ауылы.

№ 518 сайлау учаскесі

Темірлан ауылы: Қажымұқан көшесінің тақ жағы № 95, жұп жағы № 102 үйден бастап Ө.Тұрманжанов, Байжанов, Мүсірепов, Қабанбай батыр, Н.Нысанбаев, Майлықожа, Азимбаев, Құрманғазы, Құдайбердиев, Байтұрсынов, Молдағұлова, Бөгенбай батыр, Наурызбай, Кенесары, Аманкелді көшелері мен ПМК мөлтек ауданы.

№ 519 сайлау учаскесі

Темірлан ауылы: Қажымұқан көшесінің жұп жағы № 198 үйден бастап № 282 үйге дейін. Тақ жағы № 181 үйден бастап № 277 үйге дейін, Абай көшесі № 9 үйден № 79 үйге дейін. Айбергенов көшесі № 1 үйден Найман ауыл мешітіне дейін. Т.Рысқұлов, М.Әуезов, Абылайхан, Қазыбек би, Черемушка, Оразбаев, Молдашимов, С.Әбдіқадіров, Мұртазаев көшелері.

№ 520 сайлау учаскесі

Семхоз, Мәдениет, Ынтымақ және Жұлдыз ауылдары.

№ 521 сайлау учаскесі

Жаңатұрмыс, Сарыарық және Ақжол ауылдары.

№ 522 сайлау учаскесі

Бейсен, Мақташы ауылдары.

№ 523 сайлау учаскесі

Қараспан ауылы.

№ 524 сайлау учаскесі

Төреарық ауылы.

№ 525 сайлау учаскесі

Көлтоған ауылы.

№ 526 сайлау учаскесі

Берген ауылы.

№ 527 сайлау учаскесі

Батырата ауылы.

№ 528 сайлау учаскесі

Төрткүл ауылы: Д.Қонаев көшесінің шығыс жағы, Спатаев, Әуезов, Төлеби, Тоқтаров, Мұратбаев, Молдағұлова, Көлбай, Алтынсарин, Әл-Фараби, Сәтбаев Қасымбек, Кенесары, Қажымұқан, Құрманбек көшелері және Ақсары ауылы.

№ 529 сайлау учаскесі

Қызылжар ауылы.

№ 530 сайлау учаскесі

Спатаев ауылы.

№ 531 сайлау учаскесі

Елшібек батыр ауылы.

№ 532 сайлау учаскесі

Көкарал, Еңбекші, Жайылма ауылдары.

№ 533 сайлау учаскесі

Төрткөл ауылы: Д.Қонаев, М.Әуезов көшелерінің батыс жағы, Қонаев көшесімен қиылысқан Төле би, Спатаев көшелерінің батыс жағы, Әуезов көшесімен қиылысқан Аяп, Ерубәев, Уалиханов көшелерінің батыс жағы, Абай, Құлмахан, Бейбітшілік, Мұғалімдер, Жұмабаев, Түркістан, Байтұрсынов, Сейфулин, Амангелді, Момышұлы, Жұлдызай, Қазыбек би, А.Назарбеков, Байтасов, Рысқұлов, Мырзакент, Омарбеков, Тәуелсіздік, Ақберді көшелері.

№ 534 сайлау учаскесі

Аққойлы, Жусансай, Сарытоғай ауылдары.

№ 535 сайлау учаскесі

Шұбар ауылы, Райымбек батыр көшесінің сол жағы және Береке ауылдары.

№ 536 сайлау учаскесі

Шұбар ауылындағы Райымбек батыр көшесінің оң жағы.

№ 537 сайлау учаскесі

Тоқсансай ауылы.

№ 940 сайлау учаскесі

Темірлан ауылындағы Қажымұқан көшесінің № 1-100 дейінгі үйлер, Аманжолов, Ынтымақ, Құртай, Б.Момышұлы, Кенжебаев, Ақтөбе, Домалақ ана, Тлеубергенов, Бәйдібек көшелері, № 6 бригад аумағы.

№ 941 сайлау учаскесі

Темірлан ауылы: Қажымұқан көшесінің жұп жағындағы № 292 үйден бастап / Анапия Ұлболсын/ соңына дейін, Қажымұқан көшесінің тақ жағындағы № 281 үйден бастап, /Ахметов Базарбай/ соңына дейін, Абай көшесі № 81 үйден бастап /Жолдасов Зұлпыхар/ соңына дейін, Аль-Фараби, М.Мақатаев, Сәтбаев, Жәнібеков, Жансүгіров, Майлин және Ж.Сүйіндікұлы көшелері.

№ 942 сайлау учаскесі

Шұбарсу ауылындағы "Авиатор", "Спутник", "Юбилейный", "Нефтехимик-1", "Домостроитель", "Наурыз", "Химик", "Маяк", "Проект", "Орбита", "Нефтехимик", "Химфарм" "Любитель" алабтары.

№ 1027 сайлау учаскесі

Шұбарсу ауылындағы "Геолог", "Геолог-2", "Энергетик-2", "Энергетик-3", "Үшқұдық", "Цементник-1", "Цементник-2", "Строитель", "Строитель-2", "Ақжол", "Ромашка", "Береке", "Индустрия", "Шымкентпромстрой", "Прометей-восход", "Арал-2", "Арал", "Весна", "Весна-2", "Асыл-Бақ", "Асыл-Бақ-2", "Фазенда", "Арал-ЭКО", "Бекас", "Машиностроитель-1", "Машиностроитель-2", "Машиностроитель-3", "Машиностроитель-4", "Машиностроитель-5", "Жаңа-1", "

Жаңа-2", "Жаңа-3", "Автомобилист-1", "Автомобилист-2", "Связист ОПТУС", алабтары.

№ 1028 сайлау учаскесі

Шұбарсу ауылындағы "Нефтехимик-2", "Ремонтник-2", "Надежда", "Транспортник", "Арман-1", "Арман-2", "Арман-3", "Аккорд", "Қорғасын-1", "Қорғасын-2", "Қорғасын-3", "Вишенка", "Төлеби", "Грузовик", "Подснежник-1", "ТЭЦ-3", "Болашақ" алабтары.

№ 1029 сайлау учаскесі

Шұбарсу ауылындағы "Атамекен", "Жанат", "Связист ТУСМ", "Шымкентстрой-2", "Найман", "Найман-2", "Виктория", "Қуаныш-1", "Қуаныш-2", "Қуаныш-3", "Дачник", "Асар", "Мелиоратор", "Дружба", "Ремонтник", "Подснежник" алабтары.

№ 1070 сайлау учаскесі

Мамыр ауылы және Бадам ауылы теміржолының оңтүстік жағындағы (М.Маметов, Жамбыл, Ш.Уалиханов, Әлфараби, Қажымұқан, Ш.Айманов пен Ә.Ахметов) көшелері.

№ 1071 сайлау учаскесі.

Темірлан ауылындағы Жепәев, Ш.Қалдаяқов, Нұрмаханов, Тұрмағамбетов, Қожабаев, Нұғманов, Сарбасов, Бекназаров, Кегенбаев, Ақшуақ, Мамедова, К.Омаров, Сейфуллин, А.Мұсаев және Абассов көшелері.

№ 1072 сайлау учаскесі.

Шұбарсу ауылындағы "Энергетик-1" "Энергетик-Пилот", "Яблонка", "Земляне", "Жазира", "Достық", "Агросад-1", "Агросад-2", "Агросад-3", "Шымкентстройбыт" алабтары.